

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/474 "2020 - 2022 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 42/489 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 4183 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 41/476 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 39/458 "2020 – 2022 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4151 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020 - 2022 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті туралы" Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 40/474 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4103 болып тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020 - 2022 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 742 791 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 61 147 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 681 644 мың теңге;

2) шығындар - 779 282 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 36 491 мың теңге;
 б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 36 491 мың теңге;
 қарыздар түсімдері - 0 теңге;
 қарыздарды өтеу - 0 теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 36 491 мың теңге.";
 2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2020 жылға Рахат ауылының бюджетіне қалалық бюджеттен 649 225 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік – экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Н. Худибаев).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А. Ермуханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Жаңаөзен қалалық мәслихатының хатшысы

Н. Худибаев

С. Мыңбай

Жаңаөзен қалалық мәслихатының
 2020 жылғы 2 сәуірдегі
 № 42/489 шешіміне қосымша
 Жаңаөзен қалалық мәслихатының
 2020 жылғы 6 қаңтардағы
 № 40/474 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Рахат ауылының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
1		2	3
		1. Кірістер	742 791
1		Салықтық түсімдер	61 147
	01	Табыс салығы	10 855
	2	Жеке табыс салығы	10 855
	04	Меншікке салынатын салықтар	50 292
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 279
	3	Жер салығы	2 505
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	46 508

2		Салықтық емес түсімдер	0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	681 644
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	681 644
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	681 644
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
1		2	3
		2. Шығындар	779 282
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	60 126
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	60 126
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54 567
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 559
04		Білім беру	473 857
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	473 857
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	473 857
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	11 785
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 785
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	11 785
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	233 411
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	233 411
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	150 119
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	61 991
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	21 301
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	103
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	103

	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	103
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 36 491
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	36 491
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	36 491
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	36 491
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	36 491

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК